

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасының докторанты Шәкизада Сырымның «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)» атты диссертациялық жұмысына жазылған отандық ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Әбу Мансур әл-Матуриди және матуриди мектебінің көрнекті ғұламалары тарапынан ислам дініндегі сенім мәселелері жүйеленіп, матуридилік ілім әр кезеңде діни идеологияның платформасы ретінде қабылданып келеді. Бұл ілімнің рухани және ғылыми мұрасы Әбу Ханифадан бастау алғандығын ескерсек, ханафи-матуриди ретінде біріккен доктрина Орталық Азияда қаншама ғасырлардан бері тұрақтап, халықтың сенімдік, құқықтық, рухани әрі мәдени тұтастығын сақтауға үлесін қосып жатыр. Түркі әлемінде исламдағы дәстүрлі ұғымының мәні теологиялық тұрғыдан матуридилік іліммен айқындалса, діни-құқықтық жағынан ханафилік мектеппен анықталады. Ал қазақ халқының діни танымындағы дәстүрлілік түсінігі матуридилік сенім жүйесімен сабақтасатындығын нақтылау, оның ғылыми-теориялық аспектілерін негіздеу мемлекеттің біртұтас дәстүрлі дін концепциясын айқындау үшін қажет. Сондықтан қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің маңыздылығын айқындау өзекті.

Осы бағытта докторант Шәкизада Сырым қазақ халқының дәстүрлі діни танымын негіздеу үшін XIX-XX ғасырлардағы жазба деректердің түпнұсқасына сүйеніп, қаншалықты матуридилік іліммен үндесетінін анықтауды мақсат еткен. Осы кезеңде өмір сүрген ақын, жазушы, ойшыл, қазақ әдебиетінің маңдайалды өкілдері шығармаларында Құдай, дін, пайғамбар ұғымдарын арқау еткен. Қазақ даласындағы мұсылмандық мектептің негіздері бұл уақыттан бастау алмағандығы белгілі. Оның тарихы тереңде. Дегенмен докторант XIX-XX ғасыр аралығында қалам тербеген тұлғалардың діни-схоластикалық, теологиялық, метафизикалық, эсхатологиялық әрі иман мәселелеріне қатысты тақырыптарды өлең жолдарында ғана емес, халыққа ұғынықты төл тілімізде жеткізуді мақсат етіп, жеке туындылар жазғанын түпнұсқа еңбектермен растап, матуридилік концепциямен салыстырмалы талдау жасаған. Көпшілікке мәлім Абай, Шәкәрім, Ыбырай және Мәшһүр Жүсіп сынды тұлғалардың еңбектері күнімізге дейін жетіп, әдебиеттанушы, философтар мен тіл мамандары тарапынан ауқымды зерттеліп, өңделгенімен, исламтанушылық тұрғыдан текстологиялық, теологиялық талдаулар жасауды қажет етеді. Біріншіден, ойшыл ақындардың өлең жолдарындағы немесе дін мәселелерін қамтыған арнайы еңбектеріндегі мәтіндердің дұрыс жазылуын айқындау өз алдына үлкен күш-жігерді талап етсе, екіншіден ондағы мәселелердің матуридилік іліммен сабақтастығын анықтау тағы бөлек зерттеуге қажеттілік туғызады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында докторант 20-ға жуық түпнұсқа жазба деректерге қол жеткізіп, әрқайсысының ішінде қамтылған сенім мәселелерін дәйек ретінде келтіріп, қазақ даласындағы мұсылмандық мектептің қандай платформаға негізделгенін айқындаған. Сонымен қатар аталған түпнұсқа еңбектерді ғылыми айналымға енгізіп, кітап күйінде басып шығарған зерттеулердің кем-кетік тұстарын түзетіп, дұрыс нұсқасын ұсынған.

Зерттеуші ханафи-матуриди мектебіндегі классикалық қайнаркөздермен қатар матуридилік ілімді жандандырып, кең көлемді зерттеулер жүргізген мамандардың жұмыстарын пайдаланған. Араб, ағылшын, түрік тілдеріндегі дереккөздерді қолдануы зерттеу жұмысының мазмұнын одан ары ашуға оң әсері тигізгеніне сенімдімін.

Мемлекетіміз бен қазіргі таңда мұсылмандардың қара шаңырағы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы дәстүрлі исламның ғылыми-теориялық негізін дамытуды көздеп отыр. Ауқымды ғылыми жобалар қолға алынып, жалпы танымдық еңбектер жарық көруде. Осы бағытта жазылған бұл докторлық жұмысы қазақ халқының дәстүрлі діни танымы мен матуриди сенім мектебінің арақатынасын анықтаған әрі алдағы зерттеушілерге дереккөз бола алатын, сондай-ақ қазақ қоғамының ұлттық, рухани иммунитетін қалыптастыратын мәнге ие деуге негіз бар.

Пікірімізді түйіндеп, қорытындылайтын болсақ, кең көлемді зерттеу мен тұшымды тұжырымдамалар диссертацияның құндылығын арттырып отыр. Сондықтан докторант Шәкизада Сырым Бауыржанұлының «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша ұсынылған «Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)» атты диссертациясы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық және қорғауға толықтай ұсынуға болады деп есептеймін.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті Исламтану кафедрасының
аға оқытушысы, PhD,
қауымдастырылған профессор

Акимханов Аскар

